

## №6 Хромтау гимназиясының мемлекеттік қызмет көрсетуге жауапты тұлғалардың отырысының Х А Т Т А М А С Ы



2016 жылғы 27 қыркүйек

**Қатысты: 7**

### **КҮН ТӘРТІБІ:**

Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша жауапты тұлғалардың есебі

**ТЫҢДАЛДЫ:** Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектепте көрсетілетін мемлекеттік қызмет жөнінде жауапты мамандар Намазова Г, Алиева А, Нуртазина М, Карагулова Д,

баяндама жасады.

**Намазова Г** - «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау» 2016-2017 оқу жылына 144 оқушыдан өтініш түсті. Шілде-31, тамыз-110 қыркүйек-3 оқушы ата-анасынан өтініш қабылданды, уақытылы еш кедергісіз құжаттарын тапсырды. Сонымен қатар құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат және жаңа оқу жылынан бастап бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымына қабылдау туралы бұйрық шығарылды. Келешекте портал арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанында білім беру ұйымына қабылданғаны туралы хабарлама келетіндігі туралы қосымша мәлімет берілді. 2-ші қызмет бойынша «Негізгі орта, жалпы орта білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру» биылғы оқу жылына еш оқушыдан сұраныс түскен жоқ.

**Алиева А** Маған жүктелген міндет «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттарды қабылдау» бойынша еш баладан өтініш түскен жоқ.

**Нуртазина М.** «Аз қамтылған отбасы балаларының қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлерде демалуы үшін құжаттарды қабылдау» мемлекеттік қызмет көрсету стандарты бойынша 5 оқушыдан өтініш түсті. Құжаттары уақытылы толық қабылданды.



**Карагулова Д** «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың біліктілік санаттарын тағайындау және бекіту үшін аттестаттаудан өткізуге құжаттар қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты бойынша мамыр айында жоғарғы санат

бойынша 3 мұғалім, қайта растау үшін-5 мұғалім, бірінші біліктілік санат бойынша 4, екінші біліктілік санат бойынша -2 мұғалім барлығы 14 мұғалім құжат тапсырды. Құжаттары толық тапсырылды.

### **Сөйлеушілер:**

**Г.О.Мукашева** – мектеп директоры ата-аналарға электронды қызмет көрсету деңгейін көтеру, жауапты мемлекеттік қызметшілердің жауапкершілігін арттыру және ата-аналардың электронды сандық қолтаңба алу мақсатындағы үгіт-насихат жұмыстарын жетілдіру қажеттігі жөнінде айтты. Мемлекеттік қызмет көрсетуші жауапты мамандардың есептік кемшіліктерді болдырмау, жоғарғы тұрған органдармен байланыста болып, мемлекеттік қызмет көрсетуге қатысты заңнамалық өзгерістерге уақытында шаралар қолдану мәселелері жөнінде сөйледі

Бекітілген мемлекеттік стандарттар мен регламенттерге сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету сапасын одан әрі арттыру мақсатында: мемлекеттік қызмет көрсетуге мамандардың жауапкершілігін арттыру, арнайы бұйрық функционалдық міндеттеріне өзгерістер енгізіп, жауапты маман белгілеу, мамандардың біліктілігін арттыру мақсатында шаралар қабылдау; мемлекеттік қызмет көрсету бойынша мекеме стендін, көрнекі ақпараттық құралдарды жүйелі жаңартып отыру; жоғарғы тұрған органдармен байланыста болып, мемлекеттік қызмет көрсетуге қатысты заңнамалық өзгерістерге уақытында шаралар қолдану; мемлекеттік қызметтер көрсету бойынша есептік қателіктерді болдырмау шараларын қолдану; мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы мемлекеттік қызмет ата-аналардың хабардар болуын қамтамасыз ету; мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасын бақылау, тізімін, тұтынушылардың қанағаттану дәрежесін жүйелі анықтап отыру тапсырылсын; Мектеп сайтына көрсетіліп отырған мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша ақпараттық, үгіттік - насихат мақалалар жариялау.

Төрағасы: Г.О.Мукашев

